Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады

TORAIGHYROV UNIVERSITY

ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2026)
Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО
О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ30VPY00029268
выдано
Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

https://doi.org/10.48081/BGQF1973

Бас редакторы – главный редактор
Жусупов Н. К.
д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора — Анесова А. Ж., *доктор PhD*
Ответственный секретарь — Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*
Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*
Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*
Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*
Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*
Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*
Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*
Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*
Искакова З. С., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

ҒТАМР 17.07.31

https://doi.org/10.48081/BGQF2000

Н. А. Нуркина
Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0458-8588
*e-mail: nurkina.nazgul@mail.ru

М. Ж. КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ДІНИ ДАСТАНДАРЫНЫҢ МАЗМҰНДЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни дастандары, олардың мазмұндық және көркемдік ерекшеліктері қарастырылады. Діни дастандардың көтерген мәселесі, діни-адамгершілік құндылықтардың кейіпкер арқылы берілуі, олардың тәрбиелік маңызы басшылыққа алынады, діни сөздердің қолданылу ерекшелігі салыстырылады. Дін тақырыбына жазылған шығармалардың, діни дастандардың қазақ руханиятында атқарған рөлі анықталады. Ақынның дін арқылы сол замандағы өмірді, тарихи шындықты шебер бейнелеуі, адамның ішкі жан дүниесін діни тұрғыдан сипаттау, нәпсімен күресті көрсету, діннің қазақ қоғамындағы, қазақ руханиятындағы атқарған рөлі қарастырылады.

Сондай ақ, мақалада өзге де ақындардың діни дастандары, олардың ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни дастандарымен ұқсастықтары мен айырмашылықтары сөз болады. Діни шығармалардың ағартушылық, тәрбиелік және рухани құндылық мәні қарастырылады. Дастандардың негізгі идеясы мен ондағы көтерілген мәселе, діни сюжеттер және пайғамбарлардың өмір жолы жайлы айтылады. Ақын дастандары Шәді Жәңгіруұлы сияқты қазақтың белгілі ақынының діни еңбектерімен салыстырылып қарастырылады.

Ақынның діни дастандарын тану мен талдау барысында авторды зерттеуге бағытталған әдіс, жеке туындыны, оның мазмұны мен нысанын зерттеу әдістемесі, мәтіндік талдау әдісі, салыстырмалы-типологиялық талдау секілді әдістер қолданылады.

Нәтижесінде мақалаға өзек болып отырған діни дастандардың мазмұндық және көркемдік ерекшеліктері мен діни-адамгершілік құндылықтары, сондай-ақ қазақ қоғамындағы діннің орны мен оның әдебиетіміздегі көрінісі анықталады.

Кілтті сөздер: діни сөз, сөз мағынасы, жанр, жұмақ, тозақ, рухани әлем, ислам діні, имандылық.

Кіріспе

Қазақ әдебиеті тарихында 19-ғасырдың аяғы мен 20-ғасырдың басында діни-ағартушылық бағыт барынша дамыған кезең болды. Осы кезеңде дін тақырыбын қозғаған, дін туралы бірқатар еңбектер жазған – ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Ақынның дін тарихы, ислам діні, оның мәні жайында жазылған өлеңдері, дастандары өз алдына бір төбе екендігі анық. Солардың ішінде діни дастандары діни құндылықтарды, әділдік пен ізгілікті, шыншылдық пен қайырымдылықты, имандылық пен еңбекқорлықты қазақтың дүниетанымымен, мәдениетімен сабақтастыра отырып, діни дүниетаным мен ұлттық мәдениетті тоғыстыра отырып жырлады. Осылайша, қазақ әдебиетіне жаңа бағыт, жаңа мазмұн әкелді.

Материалдар мен әдістері

Ақынның діни дастандарын тану мен талдау және зерттеу мақаласын жазу барысында алға қойылған мақсат-міндеттерді орындау үшін салыстыру, сараптау, авторды зерттеуге бағытталған әдіс, жеке туындыны, оның мазмұны мен нысанын зерттеу әдістемесі, мәтіндік талдау әдісі, тарихи-салыстырмалы сипаттау, типологиялық талдау секілді әдіс-тәсілдер қолданылды.

Ақын дастандары қазақтың ұлы ақыны Шәді Жәңгіруліының діни еңбектерімен салыстырылып қарастырылды. Мақалада осы дастандарға талдау жасалынып, олардың тақырыптық, жанрлық және көркемдік сипаттары зерттелді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни дастандары, олардың жанрлық сипаты, мазмұндық және көркемдік ерекшеліктерінің мәні мен дастандағы көркемдігі мақала нысаны етіп алынды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ әдебиетінде діни дастандардың алатын орны ерекше. Қазақтың діни дастандары әдеби шығарма ғана емес, діни, ағартушылық тәрбие беретін, үлкен рөл атқаратын құнды мұра. Діни дастандар адамзатқа адамгершілік пен имандылықты насихаттап, ислам дінінің бар құндылығын халық санасына сіңіріп, халықтың рухани өмірінің маңызды бір бөлшегіне айналды. Бұл дастандарда Пайғамбарлардың өмірі мен тарихы, өмір мен өлім, ақырет пен қиямет туралы айтылады, халықты имандылыққа шақыратын насихаттық ойлар беріледі. Яғни діни дастандардың басты мақсаты – исламдық құндылықтарды насихаттау, адамдарды имандылыққа, адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеу.

Қазақтың діни дастандары халыққа ислам құндылықтарын насихаттап қана қоймай, ұлттық танымға сай көркемдік сипатымен де ерекшеленетін

әдебиетіміздің асыл арнасы. Бұл дастандардың негізгі идеясы, айтар ойы – бүкіл мұсылман қауымының діні – ислам дінін насихаттау, оларда имандылық қағидалары – адамгершілік, қайырымдылық, әлсіздерге жәрдемдесу, адал еңбекпен мал табу, әділдік пен адалдық жайында жазылған. Қазақтың діни дастандары көбінесе қисса жанрында жазылған және де шығыс әдебиетімен, шығыстық діни дастандармен байланысты.

Қазақ әдебиетінде діни тақырыпты қозғаған ақындар көп. Олар адам өмірінің мәнін, ислам дінінің маңызын, өмір мен өлімді көркем тілмен жеткізе білді, әділдік пен адалдыққа, сабыр мен шыдамға, имандылыққа үндейтін шығармалар жазды. Атап өтер болсақ, Шәді Жәңгіруліының «Назым Сияр Шәриф», «Хайбар», «Имам Ағзам», Мәшһүр Жүсіптің «Жер мен көк», «Жантемір қажы», «Нүсіпхан», «Хаятбақшы», «Пайғамбардың дүниеден өтуі», Тұрмағанбет Ізтілеуовтың «Сүлеймен мен кірпікшешен», «Мұхаммед туралы», «Сүлейменнің хикаясы» сияқты дастандары, сондай-ақ Омар Шораяқұлының «Мұхаммед», «Хақ Сүлеймен», «Әбу Шахыма» атты діни дастандары имандылық пен ізгілікті дәріптейтін рухани қазына болып табылады. Олар өз шығармаларында шығыстың классикалық дәстүрі мен қазақтың жыраулық поэзиясын ұштастырып, тоғыстыра білді.

Тәуелсіздік алғанға дейін әміршілдік жүйенің дінге, оның ішінде ислам дініне қарсы болғаны мәлім. Сондықтан осы тақырыпта жазылған құнды дүниелердің барлығы зерттелмей қалды деуге болады. «Кеңес дәуірі тұсында діни дастандар тұрмақ дінге қатысы бар дүниелер туралы арнайы пікір айту мүмкін емес еді. Жалпылама ойлар А. Байтұрсыновтың, Х. Досмұхамбетұлының, М. Әуезовтің еңбектерінде кездескенімен, діни дастандарға орай арнайы зерттеу жұмысы жүргізілген жоқ» [1, 158-б.]. Тәуелсіздік алып, елеусіз қалған ескі мұраларға, дінімізге басқа көзқараспен қарап, ислам дініне мойын бұрдық. Осы кезеңнен діни дастандар зерттеле бастады. Осы орайда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының да имандылыққа, әділдікке, ақиқат пен адалдыққа тәрбиелейтін бірқатар діни өлеңдері мен дастандары жарыққа шығып, зерттеле бастады. Дастандарды зерттеуге көп үлес қосқан белгілі ғалымдар Р. Бердібаев, Ө. Күмісбаев, Б. Әзібаевалар болды. Зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдар қазақтың діни дастандарын зерттеп, олар туралы біршама ғылыми еңбектер жазды. «Бабалар сөзі» жүз томдығының 11-томы да осы қазақтың діни дастандарына арналды.

Жалпы діни дастандар діни-ағартушылық қызметі жағынан ислам дінін насихаттайды, діннің талаптарын қарапайым тілмен түсіндіреді, Аллаға сенуге, оны мойындауға, оған құлшылық етуге, оны мадақтауға, имандылыққа шақырады. Тәрбиелік қызметі бойынша халықты имандылыққа, сабырлыққа, адалдыққа, әділдікке, ата-анаға құрмет көрсетуге тәрбиелейді. Сыни қызметі жағынан адамның бойындағы жаман әдеттерді, мысалы, нәпсіқұмарлық,

дүниеқұмарлық, әділетсіздік, арамдық, надандық секілді қылықтарды сынап көрсетеді. Ғибрат айту қызметі де бар. Адамзатқа өмір мен өлімнің бар екенін, өмірдің өткінші, жалған екенін түсіндіреді, ақырет мен мәңгілік өмір, ізгілік, әдеп жайлы ғибраттық ой айтады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы көп қырлы, тіл мен дін, тарих, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып жайында, оның ішінде дінге көп көңіл бөлген, ислам діні, оның тарихы мен мәні тақырыбына арнап көп шығармалар жазған. Олар – өлеңдер, қисса, дастандар, аңыз хикаяттар. Осылардың барлығында ол дінді, өмір мен өлімді сөз етеді, ақыретті де ұмытпауға, Аллаға құлшылық етуге, дінге қарсы келетін істерден – құмарлықтан, арамдықтан, нәпсіге еруден алшақ болуға шақырады, діннің рухани құндылықтарын, қазақ қоғамындағы орнын, қазақтың дәстүрі мен дінінің үйлесімділігін айтады. Осындай шығармашылық мұрасының ішінде діни дастандардың алатын орны ерекше. Олар діни құндылықтарды қазақтың дүниетанымымен сабақтастырған, ислам дінін халыққа насихаттаған құнды мұралар. «Шығыс ақындарының Мұхаммед (Ғ. С.) пайғамбарды жырлаудағы дәстүрін алға апарған, өзінше өрістеткен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ әдебиеті дамуына ерекше үлес қосқаны анық» [2, 84-б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни дастандары тақырыптық жағынан да, мазмұны жағынан да әр түрлі. Бұл дастандарды пайғамбарлардың өмірі туралы дастандар, Құраннан алынған оқиғалары бар дастандар, өмір мен өлім, ақырет, қиямет, жұмақ пен тозақ, сабыр, имандылық, адамгершілік, Аллаға сенім жайында және дініміздегі қаһарман тұлғалар жайлы дастандар деуге болады.

Жанрлық жағынан да бұл шығармалар әр түрлі болып келеді. Жанрлық сипаттарын түрлі қырларынан көреміз. Мысалы, дастандарда қиссалық үлгі, сипат байқалады, болып жатқан оқиғалар діни аңыздардан алынған, Құранда немесе хадисте берілген сюжетке, шығыс әдебиетінде кездесетін сюжетке негізделіп жазылған. Оқиға желісі діни мәтіндерден алынады. Шығармаларда насихаттық үн басым, мұндағы басты мақсат – имандылыққа, әділдікке, ақиқат пен адалдыққа шақыру, тәрбиелеу. Ағартушылық сарын да бар, Құран аяттарындағы, хадистегі түсініктерді халыққа еркін, түсінікті тілмен, түсінікті бейнелер арқылы жеткізе білді. Сондай-ақ фольклорлық дәстүр де бар деуге болады, шығармада мақал-мәтелдер, нақыл сөздер мен орамды ойлар, шешендік сөздер кездестіруге болады. Ол араб, парсы тілдерінде айтылған мәнді де мағыналы ойды өзінше өрбітіп, әдебиетте өзіндік бір ерекше арна қалыптастырды. Сондай-ақ шығыс әдебиетінің мол мұрасынан да өзіне қажетті дүниені ала білді. Өзінің шығармаларында діннің, ислам дінінің әсерін жан-жақты көрсете білді. Осы бағыттағы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары ұлы ақын Шәкәрім шығармаларымен үндес. Екеуінің де діни тақырыптағы өлеңдері үгіт-насихат, ағартушылық сарында

жазылған, екеуінің ислам діні жайлы көзқарастары да ортақ. Мәшһүр Жүсіп дінді ағартушылық бағытта жырлады, халықты имандылыққа, білімге шақырды. Дінді халықты тәрбиелеу, ағарту құралы деп түсінді. Дінмен елдің рухани деңгейін көтерді. Шәкәрім ақыл-оймен түсіндірді, ақылмен ұғындырды, ислам дінін философиялық жағынан қарастырды, білім мен ғылымды дінмен байланыстырды. Ал Мәшһүр Жүсіп ислам дінін қазақтың мәдениетімен байланыстырды. Екі ақын да қазақтың арасындағы жалған діндарлықты, надандықты сынайды. Мысалы, Шәкәрім:

«Дін адамды бір бауыр қылмақ еді,
Оны бөліп, дұспандық қару жасар.
Інжіл, Құран – бәрі айтып тұрса-дағы,
Мағынасынан адасып қара басар.
Сөйтіп бұзып, бүлдіріп есіл дінді,
Дін десе білімділер тұра қашар,
Ешбір дін өйтіп дұспан бол демейді,
Қанеки бұл сөзіме кім таласар?» [3] – десе, ал Мәшһүр Жүсіп:
«Ешкім жоқ шын көңілмен Аллаға ғашық,
Жалғанға жан қиюға бәрі машық.
Бір жан жоқ жамағат боп жиылатын,
«Құдай бар, құлдық бас!» – деп, сыйынатын.
Қорладың дін исламның ғаламатын
Желкеңнен келді кезің қиылатын!» [4], – дейді.

Мәшһүр Жүсіптің діни тақырыпта жазылған шығармаларына, оның ішінде дастандарына, олардың мазмұны мен идеясына тоқталар болсақ, ақын өзінің дастандарын ислам дініне, ондағы заңдылықтарға, пайғамбарлардың өміріне, исламдық сюжеттерге, адамның өмірі мен өлімі, тақырыптарына арнаған. Онда пайғамбарлардың өмір жолдары сипатталады, Құраннан, хадистен алынған мысалдар беріледі, адамзатты имандылыққа шақыру, олардың бойында адалдықты, әділдікті сақтау, нәпсіге қарсы тұра білу, рухани даму жайлы сөз болады. Сонымен қатар күнә, сауап, өмір, өлім, қиямет күні, ақырет мәселелері көрініс табады. Бұл дастандар қазақ халқының рухани дамуына, рухани өміріне көп әсер етті. Ақын ислам дінін халықты қараңғылықтан, білімсіздіктен алып шығатын, оларға рухани күш беретін құрал деп санады. Ақынның басты мақсаты халықты имандылыққа жетелеу, сабырлыққа, әділдікке, ақиқат пен адалдыққа, ізгілікке, білім алуға тәрбиелеу болды.

Діни дастандардың ерекше бір қыры – тәрбиелік мәні. Дастандары арқылы ақын тек діннің белгілі қағидаларын, ережелерін айтып қана қоймай, елді адалдыққа, адамдыққа, имандылыққа, адамгершілікке, сабырлыққа тәрбиелеп, рухани тұрғыдан оятуға тырысты. Бұл діни дастандар тек уағыз ретінде емес, халықты, жастарды дұрыс жолға салудың, имандылыққа

тәрбиелеудің, оларды оятудың басты құралы болды. Мысалы, «Нүсіпхан» дастанында дастандағы басты кейіпкер Нүсіпханның өзінің тағдырына мойынсұнуы, өмір мен өлім, Жаратушыға деген сенімі, ақыретті ойлауы, сабырлығы баяндалады. Сабырлы мінезімен тағдырдың сынағын көтере біледі. Ақын дастанда шығыстық сюжетті қазақтың өміріне, тұрмыс-салтына орайластырып жазады.

Тағы бір дастаны – діни-философиялық бағытта жазылған «Жантемір қажы» дастаны. Дастанның негізгі идеясы, айтар ойы – мына дүниенің байлығына, алдамшы өмірге алданбай, мәңгілік өмірді ойлау. Соны ақын қазақтың ұғымына жақын мысалдар арқылы көрсете біледі. Дастан адамның уақытша жалған өмірі мен мәңгілік өмірі арасындағы байланыс және сол өмірге дайын болмаған адамның өкініші туралы. Дастанның көркемдік ерекшелігі туралы айтсақ, нұр жүзді пайғамбар, ақ жүрек мүмін деген эпитеттер; нәпсі-дұшпан, дүние-базар деген метафора; нәпсіні қараңғылыққа, иманды нұрға теңеу; сауап, жәннат, қиямет сияқты діни сөздер; мақал-мәтел, шешендік сөздер секілді фольклор элементтері кездеседі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің «Хаятбақшы» дастанында да, «Жер мен көк» дастанында да Мұхаммед пайғамбар туралы жазады. Екі шығармада да пайғамбар туған күні ерекше бір құбылыстар болғандығы, оның туа сала ерекше қабілеті бар екендігі, ақ бұлттың болуы, Хадишаның түс көруі, басқа діндегілердің қуғынға ұшыратуы жайлы айтылады. «Осы орайда Мәшһүр-Жүсіптің кейінірек жазылған «Хаятбақшы» дастаны мен осы поэманың соңғы бөлімінде тақырып ұқсастығы, үндестігі бар екеніне назар аударамыз. «Жер мен көк» қиссасының соңғы бөлімі де, «Хаятбақшы» да Мұхаммед пайғамбардың дүниеге келуі, бала кезінде көрген қиындықтарын көрсетуге арналған. Тек «Хаятбақшыда» Мұхаммедтің ерекше екенін дәлелдеу бірден-бір негізгі арна болса, «Жер мен көк» қиссасында пайғамбар жеке алынбай әлем, жер жаратылуының заңды жалғасы, соның бір мәнді бөлшегі ретінде беріледі. «Хаятбақшы» тәрізді бұл шығарманың соңғы бөлімінде де пайғамбар шеккен қиындықтар нақты көрсетілген» [5, 65-б.].

Мәшһүр Жүсіптің діни дастандарын осы тақырыпта шығарма жазған Шәді Жәңгіруұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Омар Шораяқұлы сияқты басқа да ақындардың дастандарымен салыстырып қарастыруға болады. Шәді Жәңгіруұлы дін жолын ұстанған, құран тәпсірін жетік меңгерген, исламның тарихын жетік білген. «Шәдінің жазған шығармаларынан оның діни кітаптарды көп оқығанын көреміз. Оның дастандарында пайғамбар хадистеріне негізделген жыр жолдары да аз емес. Ол Исламның Алланың ақ жолына шақыратынын біліп, діни дастандары арқылы хақ дін-Исламды үгіттейді». [6, 25-б.]. Ол адамды өліммен қорқытпайды, тек өмірде жасаған әр ісіңнің сұрауы бар екендігін еске салады. Шәді Жәңгіруұлының

діни дастандарында кейіпкерлер арқылы халықтың діни наным-сенімі, дүниетанымы, көзқарастары сипатталады. Шығармадағы кейіпкерлердің басым көпшілігі иманды, әділ, ақылды, сабырлы адам ретінде бейнеленеді. Солардың мінезі арқылы, көзқарастары арқылы, тағдырлары арқылы ақын адамгершіліктің мәнін көрсетеді. Пайғамбарлар мен сахабалардың бейнелері арқылы әділдік, адамдық, сабырлық, кешірім секілді қасиеттер бейнеленеді. Кейіпкерлер өмірдің түрлі сынақтарынан өтеді. Осылайша олардың діни сенімі, рух мықтылығы, т.б. көрсетіледі. Ақын дастандардағы кейіпкерлердің бойында кездесетін сабыр, имандылық, адамгершілік, әділдік секілді қасиеттерді қазақтың дәстүрлі адамгершілік ұғымымен байланыстыра суреттейді. «Оның діни дастандары Алланың қасиетті кітабы Құран мен Мұхаммед пайғамбар хадистерінің желісіне құралған. Ақынның қаламынан туған «Хайбар» дастаны соның айғағы [6, 22-б.].

Ақынның ең көлемді, танымал дастаны – пайғамбарымыз Мұхаммедтің бүкіл өмір жолын сипаттайтін «Назым сияр Шәриф» шығармасы. Өзінің осы дастанын ақын бірнеше жыл бойы ізденіп, еңбектеніп жазған. Шәді ақынның бұл дастаны Мұхаммед пайғамбардың өмірге келгенінен бастап бүкіл өнегелі өмір жолын жырлайды. Дастан Пайғамбардың дүниеге келуіне дейінгі қоғамдағы жағдайларды, оның дүниеге келуін, балалық шағы мен жастық шағын, сол кездегі ислам дінін, сол кезеңдегі қиындықтар мен пайғамбардың сабырлылығы, әділдігі, бүкіл өмір жолы, өмірінің соңғы кезеңі, өмірден өтуі туралы айтылады. Осы дастан арқылы ақын баршаға оның өмірін үлгі ете отырып, адамзатты имандылыққа шақырады. Бұл дастанның Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Хаятбақшы», «Пайғамбардың дүниеден өтуі» сияқты дастандарымен ұқсастығы – екеуі де пайғамбардың өмір жолы мен ислам тарихы туралы жазылған. Тақырыбы, мазмұны мен идеясы жағынан ұқсастықтары бар. Екеуінде де ақындар имандылықты, адамгершілікті, әділдік пен сабырлықты, ислам дінін насихаттайды, сондай-ақ Пайғамбардың көркем мінезін көрсете біледі. Оның өмірін басқаларға үлгі етеді. Екі ақынның да көркем тілі, көркемдік шеберлігі, пайғамбар бейнесін ерекше әсемдеп бере білуі керемет. Екі ақын да дінді тәрбие құралы, ізгіліктің бастауы деп біледі, көрсетеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев пен Шәді Жәңгіруұлының жазған дастандарының өзара ұқсастықтары да, айырмашылықтары да бар. Екі ақынның да дастандарының ұқсастығы – Пайғамбардың өмірі, дүниеге келу тарихы, өмір жолы туралы жазылған дастандар жазуы. Ол екі ақында да бар. Мысалы, ұқсастықтарына тоқталар болсақ, екі ақын да өз дастандарында Мұхаммед пайғамбар туралы, оның дүниеге келуі, бүкіл өмір жолы туралы толық суреттейді. Екеуінің де шығармаларынан дәстүрлі исламдық идеялар мен шығыстық сюжеттерді байқауға болады. Екеуінің де дастандарының басты

тақырыптары – дін, имандылық, діни тұлғалар, адамгершілік қасиеттер, діни құндылықтар, әділдік пен сыйластық және екі ақынның шығармалары да халыққа ізгі тәрбие беруге, діни құндылықтарды насихаттауға бағытталған. Ал айырмашылығына келер болсақ, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының дастандары көбінесе деректік-дастандық сипатта жазылған, тарихи жағдайлар көрсетілген. Мәшһүр Жүсіп ауыз әдебиетін жинаушы ретінде кейбір исламдық мәтіндерден, шығыс әдебиетінен алынған үлгілерден, ауызша сақталған мұралардан жинақтап жазған. Ал Шәді Жәңгіруұлының дастандары кітаби тәсілмен жазылған.

Екі дастанда да пайғамбардың дүниеге келуі, оның ерекше адам екендігі ол дүниеге келген күні-ақ көрінеді:

«Дүниеге хақ пайғамбар қай күн келді,
Барша дүние жүзі алды мұнан тілді.
От ұшып, су тартылып өздігінен,
Сауе дария жоқ болып, жерге сіңді.
Сөнбестен жанып тұрған мың жылдай от,
Хақ пайғамбар туған күн қалды сөніп» [7, 137-б.].

Сондай-ақ оның жетімдігі де ерекше әсерлі етіп сипатталады. Мысалы, сауда керуенінде кетіп бара жатып, өзінің мұңаюы, жетімдігін, жалғыздығын ойлауы:

Жалғыз жетім екенін жаңа білді,
Іркіп алды көзінің жасын енді.
...Артымнан қарап қалар бір кісім жоқ,
Болғанша көзден таса менің қарам! [7, 161-б.].

Діни дастандардың негізгі ерекшеліктері дінді, діни құндылықтарды өмірлік тәжірибемен астастыру болып табылады. Ақын сол кездегі араб-парсы тілдерін жетік меңгеріп, шығыс әдебиетінің мол мұрасындағы айтылған ойларды ұстана отырып, қазақ әдебиетінде өзінше ерекше бір бағыт қалыптастырды. Ол исламдағы бар ілімді, дін қағидаларын халыққа еркін, түсінікті тілмен жеткізе білді. Құран аяттарындағы, хадистегі түсініктерді қазақ халқына, олардың өміріне жақын түрде, қазақи образдармен беріп отырды. «Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып нормалары исламдық шариғатпен тығыз астасып, біртұтас ұғымға айналды. Қазақ халқының барлық нақыл сөздері Құран және хадистермен үндесіп, ұрпақ бойына адамгершілік, имандылық, отансүйгіштікке тәрбиелеуге бағытталған. Сондықтан дәстүрлі қазақ қоғамындағы дін мен әдет-ғұрып заңдары бірін-бірі толықтырып, жетілдіріп отырады [8, 168-б.].

Діни дастандардың әрқайсысының өзінше бір ерекше философиясы бар. Осы дастандарды оқи отырып, олардың имандылықты, әділдікті,

адамгершілікті, пайғамбардың өнегелі өмірі мен істеген істерін насихаттағанын, ақиқат пен адалдыққа шақырғанын көреміз.

Қорытынды

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни дастандары – қазақ әдебиетіндегі діни, ағартушылық бағытында жазылған құнды мұрамыз, рухани қазынамыз. Бұл дастандар әлі күнге дейін тәрбиелік маңызын жоймаған. Сол себепті де Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни дастандары бүгінгі күні ғылыми тұрғыдан зерттеу жүргізуді қажет етеді.

Бұл діни дастандардың рухани-адамгершілік құндылығы – ақындар дастандағы кейіпкерлердің образдары арқылы, олардың мінездері мен тағдырлары, өмір жолдары арқылы өмірдің, имандылықтың, адамгершіліктің мәнін түсіндіреді, әділдік пен адалдық, сабырлық, мейірім мен махаббат сияқты қасиеттерді насихаттайды. Осы қасиеттерді исламдық құндылықтармен ұштастыра отырып бере біледі.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни дастандарының негізгі идеялық мәні Аллаға сену, дінді, адамгершілік, имандылық қасиеттерді насихаттау екендігі анықталды. Ақын осы діни дастандарында діни поэзияны адамды адалдық жолына апарар негізгі бастау ретінде қолданады. Осылайша Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни шығармалары әдебиетіміздегі ағартушылық, діни дәстүрдің дамуына тікелей әсер етті, сонымен қатар қазақтың ұлттық руханиятының дамуына өзінің үлкен үлесін қосты. Зерттеу жұмысында аталған ақындардың діни дастандары тек бізге жеткен әдеби мұра ғана емес, қазіргі уақытта да бізге бағдар беретін үлкен рухани құндылық. Бұл шығармалар діни дүниетанымды зерттеуде құнды дереккөз болады және пайғамбардың өмірін шебер суреттеген туынды ғана емес, адамдық, адамгершілік, әділдік пен мейірімділік жайындағы үлкен еңбек. Мұнда ақын діни құндылықтарды, әділдікті, ізгілікті, қайырымдылық пен имандылықты қазақтың дүниетанымымен, мәдениетімен сабақтастыра отырып жырлады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Әбдуов, М.** Діни дастандарды зерттеудің маңызы // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2011. – № 2. – Б. 156–161.

2 **Жүсіпов, Н., Жүсіпов, Е., Баратова, М., Курметова, А.** Шығыс әдебиеті мен Мәшһүр Жүсіптің Мұхаммед Пайғамбарды жырлаудағы үндестігі // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – № 2. – Б. 78–86.

3 **Құдайбердіұлы, Ш.** Шығармалар жинағы. III том. – Алматы : Өлке, 2013. – 416-б.

4 **Көпейұлы, М.** Шығармалар жинағы. III том. – Павлодар : ЭКО, 2023. – 200-б.

5 **Жусупова, Г.** «Қазақтың қисса-дастандары және Мәшһүр Жүсіп» // Өлкетану. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғылыми-көпшілік журналы. – 2013. – № 2.

6 **Боранбаев, Ж.** Шығыс шайырларының соңы – Шәді ақын. Алматы : Білім, 2014. – 272-б.

7 **Көпейұлы, М.** Шығармалар жинағы. V том. – Павлодар : ЭКО, 2023. – 224-б.

8 **Аманкул Т., Шағырбай А., Молдахмет Б.** Дәстүрлі қазақ қоғамындағы діннің рөлі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Наурызнама» еңбегі негізінде // Адам әлемі. – 2024. – № 2. – Б. 160–169.

9 **Көпейұлы, М.** Шығармалар жинағы. VI том. – Павлодар : ЭКО, 2023. – 184-б.

10 **Abdullayeva K., Trushev A., Ergaliev K., Erlanova A.** Linguistic Picture of the world in the poetry of M. Kopeev. – Utopia y Praxis Latinoamericana 25, Extra 6, 2020. – P. 14–28. – https://www.redalyc.org/journal/279/27964115002/27964115002.pdf

11 **Қыраубаева, А.** Шығыстық қисса-дастандар. – Алматы: Білім, 1997. – 200-б.

12 **Егеубаев, А.** Дастан – дәстүр жалғастығы. – Алматы : Рауан, 1990. – 200-б.

REFERENCES

1 **Äbduov, M.** Dını dastandardy zertteudıñ mañyzy. [The importance of studying religious epics] // Qarağandy universitetiniñ habarşysy. Filologia seriasy. – 2011. – № 2. – P. 156–161.

2 **Jüsıpov, N., Jüsıpov, E., Baratova, M., Kurmetova, A.** Şyğys ädebietı men Mäşhür Zhusıptıñ Mūhammed Paiğambardy jyrlaudağy ündestıgı. [The harmony of Eastern literature and Mashhur Zhusup in the singing of the Prophet Muhammad] // Toraiğyrov universitetınıñ habarşysy. Filologia seriasy. – 2021. – № 2. – P. 78–86.

3 **Qūdaiberdıūly, Ş.** Şyğarmalar jinağy. [Collection of works] III tom. – Almaty : Ölke, 2013. – 416 p.

4 **Köpeiūly, M.** Şyğarmalar jinağy. [Collection of works] III tom. – Pavlodar : EKO, 2023. – 200 p.

5 **Jusupova, G.** «Qazaqtyñ qissa-dastandary jäne Mäşhür Jüsıp». [Kazakh kissa-sagas and Mashhur Zhusup] // Ölketanu. S. Toraiğyrov atyndağy Pavlodar memlekettık universitetınıñ ğylymi-köpşılık jurnaly. – 2013. – № 2.

6 **Boranbaev, J.** Şyğys şaiyrlarynyñ soñy – Şädı aqyn. [The end of the eastern teas-Shadi poet]. – Almaty : Bılım, 2014. – 272 p.

7 **Köpeiūly, M.** Şyğarmalar jinağy. [Collection of works] V tom. – Pavlodar : EKO, 2023. – 224 p.

8 **Amankul T., Şağyrbai A., Moldahmet B.** Dästürlı qazaq qoğamyndağy dınnıñ rölı Mäşhür Jüsıp Köpeiūlynyñ «Nauryznama» eñbegı negızınde. [The role of religion in traditional Kazakh society based on the work of Mashhur Zhusup Kopeev «Nauryznama»] // Adam älemı. – 2024. – № 2. – P. 160-169.

9 **Köpeiūly, M.** Şyğarmalar jinağy. [Collection of works] VI tom. – Pavlodar : EKO, 2023. – 184 p.

10 **Abdullayeva K., Trushev A., Ergaliev K., Erlanova A.** linguistic Picture of the world in the poetry of M. Kopeev. – Utopia y Praxis Latinoamericana 25, Extra 6, 2020. – P. 14–28. – [Electronic resource].– https://www.redalyc.org/journal/279/27964115002/27964115002.pdf

11 **Qyraubaeva, A.** Şyğystyq qissa-dastandar. [Eastern kissa-sagas]– Almaty : Bılım, 1997. – 200 p.

12 **Egeubaev, A.** Dastan – dästür jalğastyğy. [Continuity of the dastan tradition]– Almaty : Rauan, 1990. – 200 p.

30.11.25 ж. баспаға түсті.
05.12.25 ж. түзетулерімен түсті.
21.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Н. А. Нуркина*
Торайгыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Поступило в редакцию 30.11.25.
Поступило с исправлениями 05.12.25.
Принято в печать 21.05.26.

СОДЕРЖАТЕЛЬНЫЕ И ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ РЕЛИГИОЗНЫХ ЭПОСОВ М. Ж. КОПЕЕВА

В данной статье рассматриваются религиозные дастаны поэта Машхур Жусупа Копеева, их жанровая природа, содержательные и художественные особенности. Анализируется проблема религиозных эпосов, способы передачи религиозно-нравственных ценностей через характеры персонажей, их воспитательное значение, а также особенности употребления религиозной лексики. Определена роль произведений религиозной тематики в казахской духовной

культуре. Через религиозные сюжеты автор изображает жизнь своего времени, историческую реальность, внутренний духовный мир человека, демонстрирует борьбу с низменными страстями и раскрывает значение религии в казахском обществе.

В статье также рассматриваются религиозные эпосы других поэтов, их сходства и отличия от религиозных эпосов поэта Машхур Жусупа Копеева. Раскрывается просветительское, воспитательное и духовно-ценностное значение религиозных произведений. Уделяется внимание основной идее эпоса, поднятым в нем вопросам, религиозным сюжетам и описанию жизненного пути пророков. Произведения сравниваются с религиозными произведениями известного казахского поэта Шәді Жәңгірова.

В процессе изучения и анализа религиозных эпосов поэта используются такие методы, как метод, направленный на изучение автора, методика анализа отдельного произведения, его содержания и формы, метод текстового анализа, сравнительно-типологический анализ.

В результате исследования будут определены содержательные и художественные особенности религиозных эпосов и религиозно-нравственные ценности, а также место религии в казахском обществе и ее отражение в национальной литературе.

Ключевые слова: религиозная лексика, значение слова, жанр, рай, ад, духовный мир, ислам, вера.

**N. A. Nurkina*
Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Received 30.11.25.
Received in revised form 05.12.25.
Accepted for publication 21.05.26.

SUBSTANTIVE AND ARTISTIC FEATURES OF M. ZH. KOPEEV'S RELIGIOUS EPICS

This article examines the religious sagas of the poet Mashkhur Zhusup Kopeev, their genre character, and their substantive and artistic features. The problems of religious epics, the transmission of religious and moral values through character, their educational significance, and the features of the use of religious words are compared. The role of religious works and religious sagas in Kazakh spirituality is identified. Through religious

themes, the poet skillfully depicts the life of that time, historical reality, the religious description of a person's inner world, the demonstration of the struggle against lust, and the role of religion in Kazakh society and Kazakh spirituality.

The article also examines the religious sagas of other poets, their similarities and differences from the religious sagas of Mashkhur Zhusup Kopeev. It considers the educational, enlightening, and spiritual value of religious works. Attention is given to the main ideas of the sagas and the issues raised in them, religious subjects, and the life paths of the prophets. The sagas of the poet are compared with the religious works of well-known Kazakh poets such as Shadi Zhangirov.

In the process of understanding and analyzing the poet's religious sagas, research methods such as the author-oriented method, the method of studying an individual work – its content and form – textual analysis, and comparative-typological analysis were used.

As a result, the substantive and artistic features of the religious sagas and their religious and moral values are identified, as well as the place of religion in Kazakh society and its reflection in literature.

Keywords: religious word, meaning of the word, genre, heaven, hell, spiritual world, Islam, faith.

Теруге 21.05.2026 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2026 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
6,73 МБ RAM
Шартты баспа табағы 49,0. Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: З. С. Искакова
Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4553

Сдано в набор 21.05.2026 г. Подписано в печать 30.06.2026 г.
Электронное издание
6,73 МБ RAM
Усл. печ. л. 49,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: З. С. Искакова
Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4553

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz